

Алматыда ЕАЭО елдері орталық банктерінің валюталық саясаты жөніндегі консультативтік кеңестің кезекті отырысы өтті



Бүгін Алматыда Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер орталық (ұлттық) банктерінің валюталық саясаты жөніндегі консультативтік кеңестің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төрағалық етуімен 12-ші отырысы өтті.

Іс-шараға Армения Республикасы Орталық Банкінің, Беларусь Республикасы Ұлттық Банкінің, Қырғыз Республикасы Ұлттық Банкінің және Ресей Федерациясы Орталық Банкінің өкілдері қатысты.

Отырыс барысында ағымдағы экономикалық ахуал, ұйымға мүше мемлекеттердегі ақша-кредит саясатының іске асырылу барысы туралы баяндамалар тыңдалды. Тараптар қаржы заңнамасын үндестіру, төлем жүйелері саласындағы өзара іс-қимыл, сондай-ақ сыртқы күйзелістердің ЕАЭО елдеріндегі макроэкономикалық орнықтылыққа жағымсыз әсерін барынша азайту шараларын әзірлеу жөніндегі мәселелері қаралды.

ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О. Смоляков өзінің сөзінде валюта, ақша-кредит және қор нарықтарындағы құбылмалылықтың өсуі жағдайында орталық банктердің қызметін үйлестіру қажеттілігін атап өтті.

«Энергетика тауарлары мен металдар саудасы жағдайының нашарлауына байланысты Қазақстан мен Ресейдің жағымсыз күйзелістерді бастан кешіргені айқын және экономикалық өсудің құлдырауы аясында долларланудың өсу тәуекелі байқалады, бұл экономиканың инфляцияның жоғары болуына және ұлттық валюталар бағамының құбылмалылығына стандартты жауап қатуы болып табылады. Соның салдарынан, бұл экономикалық процестерді басқаруға теріс әсер етіп, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің қаржы жүйелерінің тұрақтылығын төмендетеді, – деп атап өтті О. Смоляков. - Мұндай жағдайларда стратегиялық сипаттағы шараларды сәтті іске асыру аса маңызды болып

табылады. Ол үшін бізге ақша-кредит саясатының және қаржылық тұрақтылықтың негізгі бағыттары бойынша өзара тығыз іс-қимылды қамтамасыз ету өте қажет деп есептеймін».

Валюталық саясат жөніндегі консультативтік кеңес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің консультативтік-кеңестік органы болып табылады, оның негізгі мақсаты валюталық саясатты үйлестіру, оның ішінде өзара есеп айырысу кезінде ұлттық валюталарды пайдалануды кеңейтуді қамтамасыз етудің бірыңғай тәсілдері мен бағыттарын әзірлеу болып табылады.